

# ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ

---

## Қазақ әдебиеті пәнінен өздік жұмыс ұйымдастарудың модульдік жүйедегі жаңа тәсілдері

Бисенғали Зинов-Ғабден Қабиұлы

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ф.ғ.д., профессор, Алматы, Қазақстан

**Аннотация.** Студенттердің өз бетімен істелетін жұмысында кейде көпшілік біле бермейтін материалдар да қолданылады. Бұлардың аталған жұмысқа қосатын үлесі айтарлықтай. Сондықтан мұндай жұмыстарды талдау барысында жоғарыда аталған бұрын белгісіздеу көрінген деректерді, болмаса әдеби мәтіннен алынған материалдарды қолдану қажет.

Қазақ әдебиетінен оқытылып жатқан арнаулы курстарды немесе жалпы курстарды бірнеше модульге топтастырып беру үрдіске айналды. Бір дәуірге жататын әдеби туындыларды осылай бөлшектеудің барлығын ғылыми жаңалық ретінде қабылдауға болар ма еді? Ойлануға тура келеді. Жоқ, - деп біржақты айту қаншалықты қиын болса, бар деудің өзі де оңай емес.

Әдебиет тек қана ғұламалар мен таланттар жазған туындылардан тұрады деп түсіну мүлде қате. Оның ауыр жұмыстарын жасайтын солдаттары да болады. Ендеше олардың жазған туындылары мен шығармашылығын ескермеу мүлде дұрыс емес.

Әдебиетте көрнекті қаламгерлер таба алмай жүрген көркемдік-идеялық, түрлік (формалық)-стильдік жаңалықтарды, талантты жастардың, болмаса белгісіздеу қаламгердің өз шығармашылығында пайдалануы әбден мүмкін. Бұл жаңалықты саналы түрде, әдейі қолданбаса да шығарма мәтіні ішінде күтпенген жерде кездесетін мұндай жаңалықтардың орны бөлек. Тіпті оған автордың мән бермеуі де мүмкін. Сыншы, зерттеушілер тарапынан да бұл жаңалықтың, детальдің бағаланбауы да ғажап емес. Ал осы көркем идея әдеби процеске жіті көз тігіп отыратын талантты қаламгердің қаламына іліксе, бұл жаңа өрнек бірден көзге түсіп көпшіліктің назарын аударады. Бірте бірте соның ашқан «аралы», жаңалығы тәрізді қабылданып та кетеді.

Мәселен, Оралхан Бөкейдің «Өз отынды өшірме» романында алғаш қолданған «Саха-

раны дүр сілкіндіріп тағы бір поезд өтті. Сол поездің ішінде кімдер кетіп барады екен...» өзге бір тұста, «осы поездың ішінде Оспан да кетіп бара жатуы мүмкін-ау»..., «Көз ұшынан тағы бір поезд көрінді. Сол поезддағы көп жолаушының бірі ғана...», «Оспандар қай вагонда кетіп барады екен?..- деген тәрізді қайталаулар кеңістік пен уақыт өлшемдерінің символдық мәнін поезға байланысты көрсету, кейін Ш.Айтматов шығармашылығында қолданылды. (1) Әрина, қолданыстар мақсатында сәл өзге реңк те бар, алайда сауатты оқырман көңілін аудартын деталь ретінде қолданылу үлгісі ұқсас.

Сол тәрізді «мәңгірт»-ке байланысты Ә.Кекілбаев қолданған астарлы мағына мен ой да кейін Ш.Айтматов шығармасында қолданылып, өзгеше символға, әлемдік көркем ұғымға айналды.

Мұндай мысалдарды әлем әдебиетінен де көптеп кездестіруге болады. Мәселе кімнің бірінші қолданғанында емес, адамзат руханиятының алтын қазынасына, оның дүниені, болмысты бейнелеу әрекетіндегі көркем танымының пернесіне айналуында.

Ендеше, қазақ әдебиеті тарихынан өздік жұмыстарды жоспарлау барысында өзіндік өрнегі мен айтар жаңа ой-идеясы байқала бастағы қаламгерлер шығармалары мен шығармашылығын бөлек модульге топтастырып, маңызды тақырып ретінде ұсынған жөн.

Өздік жұмыстар мен арнаулы курстарда талантты студенттерге, әдебиет тарихын зерттеймін деген ізденушілерге әдеби әлемге әзірше беймәлімдеу, қосқан үлесі де көріне қоймаған

қаламгерлердің, шығармашылығын ұсынып көруге болады. Ал оларға бағыт пен бағдар көрсетіп көмектесіп отыру жоғары оқу орындары кафедраларының, ұстаз ғалымдарының негізгі міндеті. Әсіресе, студенттердің өздік жұмыстарын мән беріп, олардың жазғандарын талдап, қанаттандырып отыру үлкен іс.

Қоғамдық санаға біртіндеп еніп орныға бастаған жаңалықтар, өтіп жатқан процестер әдебиетке жаңа таным өрнектерін әкеледі. Сол жаңа танымның бірден қабылданар, жинақталар және көрініс табар алаңы - жастар шығармашылығы. Әрине олардың барша ізденістерін көркем үлгі, үлкен табыс деп қабылдауға болмайтыны түсінікті. Бірақ, ойлана қарауға, талдап, байқауға міндеттіміз. Оны талдап түсіндіруде жаңаша ойлау мен таным технологияларын қолдану ғана тиімді нәтижелерге қол жеткізеді.

Жаңалық тәрізді көрініп, көңіл аударар бастаған әрбір әдеби құбылыс пен шығарманы көркемдік дамудың қажетті, маңызды бөлшегі ретінде қарастырған жөн. Ол жазу стиліне байланысты бөлектене ме, идея мазмұнымен өзге көріне ме, әйтеуір қоғамдық санада қозғалыс туғызса ол тексерілуге тиісті. Бейнелеу құралдарындағы, шығарма құрылысы мен құрылымындағы тосындау көрінген жаңалықтардың көпшілік ықпалы мен тығыз байланысы бар және тек қана қазақ әдебиеті аясында ғана емес, әлемдік әдебиет төңірегінде де солай.

Әлемдік әдебиет дегеннен шошынудың қажеті жоқ, өйткені бүгінгі таңдағы ғылым мен техника жетістіктері әлем мен әр үйді интернет арқылы кәдімгідей жақындастырды деп айтуға әбден болады. Сондықтан көркемдік танымға байланысты зерттеу жұмыстарындағы басты мақсат – әдебиеттегі шығармашылық ізденістерді ғылыми тұрғыда деректі нәтижелермен негіздеуде. Осы құбылыстарды жүйелі түрде зерттеуге басты назар аударуда.

Бұл жаңалықтарға көңіл аудару біздің әдебиеттануды замана талабына сай деңгейге көтереді және жазушылар шығармашылығын да жаңа ізденістерге, замана талаптарына сай шығармалар жазуға бағыттайды.

Қазақ қаламгерлері арасында да замана талабына сай жаңа көркемдік танымды қолданушылар бар. Мәселен, М.Шаханов, (2) Т.Әбдіков, Т.Нұрмағанбетов, Иран-Ғайып, Е.Раушанов, Г.Салықбай, Р.Мұқанова, Д.Амантай, А.Алтай (3) т.б. шығармашылығы қоғам алдында пайда болған мәселелерді жаңаша көркем бейнелеуге бағыт алады. Олардың шығармаларындағы

эстетикалық объектіні сезіну мен қабылдау, жаңа ой мен парасатты байымдау замана талабына сай деңгейіндегі көркем өрнектерге ұласа бастады. Аталған қаламгерлердің шығармашылық ізденістері әлемдік әдебиетте өтіп жатқан көркемдік ізденістерімен үндеседі деп айтуға әбден болады. Сондықтан да олардың шығармалары Қазақстаннан тыс елдерде де өз оқырмандарын табуда. Мәселен, М.Шахановтың жаңа сипатты романдары мен өлең толғауларының Америка, Франция, Жапония елдерінде сөз болуы да осыны анық көрсетеді. Ал орыс тілінде жазатын қазақ жазушылары Б. Қанапьянов, Д. Нақыпов т.б. шығармашылығындағы көркемдік ізденістер мен табыстардың шетелдік сыншы, зерттеушілер тарапынан жоғары бағаланып отыр айрықша айтуға болады.

Қазақ жазушыларының нақты эстетикалық объектілерді, ой, сезімдерді бейнелеудегі табыстары әжептәуір болғанмен, кейбіреулерінің оны қаламгерлік стиль, бейнелік (образылық), таңбалық өрнек деңгейіне көтере алмауы бар. Бірақ, замана талабына сай жаңа бейнелеу құралдарын (кең мәнінде) қолдануға ұмтылыстары қуантады. Ал жастар шығармашылығындағы сезім, ой толғаныстарын түптей түсінуге, жаңаша бейнелеуге ұмтылыстар құптарлық.

Қаламгерлер ізденістерінің басты арналары уақыттың жаңа танымдарын өзгеше, дара суреттеуге, бағытталуға тиіс. Демек: «Көркемдік таным табиғатын өзіндік мүмкіндігін жетілдіре отып, адам баласы жаңа ғасыр, ғалам сырын жете таныу, игеру жолында құлшына қызмет етуде»-деп айтқандай (4), жаңа бейнелеу технологияларын замана талабына сай әдіс-тәсілдермен көмкеру, әрлеу қажет.

Әрине, замана талабына сай жаңа таным, жаңа әдіс-тәсілдер дегенде, көпшілікке таныс, белгілі қаламгердің бұрынғы оқырмандары, олардың дүниетаным, ойлары қайда қалады деген сұрақтардың да туындауы мүмкін. Олардың замананы қабылдауы тез өзгереді деп айтуға бола ма? Ойлануға тура келеді. Алайда, өзгермейді, замана оларға әсер етпейді, ойланбайды деуге де болмайтын шығар. Қалай болғанда да, қаламгердің, замана дамуының көкжиегіне көз тігетіні шындық.

Жанталасқан бәсекеге бағыт алған мына заманда, оның талаптарын, заңдылықтарын ескермей бейғамдыққа бой алдыру – бәйгенің соңында қалып, шаң қабу ғана емес, той тарқағанда келумен парапар. Сондықтанда адамзат баласы алдына замана тартып отырған

барша ірі құбылыстарды көркем суреттеу, қазақ ұлтының дүниетанымына сай бейнелеп көрсету барлық қаламгерлер алдындағы қасиетті борыш болмақ. Осы деңгейден табылатын шығармалар ғана қазір де, болашақта да оқырманын табады ғой деген ойдамыз.

Қоғамдық санасының дамуы әлемдік деңгейдегі мәнді мәселелерге көз тіккенмен оның нақты ұлттың төл мәдениеті мен әдебиетінің дамуынан, ішкі жағдайлардан тыс бола алмайтыны түсінікті. Мәселен қазақ әдебиетіндегі, кез-келген шығарма негізінен қазақ руханиятына қатысты жайларды суреттейді. Әлемдік, жаһандық мәселелерге де сол арқылы келеді. Әдебиетіміздің аса көрнекті өкілдері, Ә.Нұрпейісов, З.Қабдолов, Ә.Кекілбаев, т.б. замана талабына сай шығармаларындағы көркемдік табыстар мен жаңа танымдарға қазақ елі мен ұлтының басындағы уақиға, құбылыстарды тереңдей, жан-жақты суреттеумен келген. Бірақ, бір өкініштісі, олардың шығармаларында келісті көрініс тапқан жаңа көркемдік-идеялық табыстарды, бейнелеу әдіс-тәсілдерін әрі дамытушылар көп емес. Әркім өзінше жаңа тәсілдер іздегенмен, табылған жемісті байнелеу құраларын байқап көру, пайдалану аз. Қысқаша айтқанда, жеке ізденістер бар да, қол жеткізген табыстарға көңіл аудару, қолдану, дамыту жоқ. Бұл біздің алдымыздағы басты қиындықтың бірі болып тұр.

Міне, өздік текстологиялық жұмыстарды орындау барысында студенттерге осы жайларды өздері аңғаратындай деңгейде тапсырмалар ұсынып, олардың шешімдері мен нәтижелерін тексеру, түсіндіру керек.

Қуатты ағым, көркемдік табыс ретінде байқала бастаған көркемдік – идеялық ізденістерді көре білу, оның кейбір сырлары мен заңдылықтарын ұғыну жұмысымыздың аса маңызды шарты. Оны алғаш ұсынушы, қолдаушы, дамытушы шығармашылық күштерді таба білудің де маңызы өте зор.

Біздің әдебиетіміздің тарихына мұндай құбылыстар жақсы таныс. Кезінде Б.Майлин, М.Әуезов, Ғ. Мүсірепов т.б. дәстүрін ұстаушылардың аз болмағаны белгілі. Алайда, бүгінгі таңда осы дәстүрге көңіл бөлушілердің көп еместігі де көрініп-ақ тұр. Ешкімге ұқсамаймын, өзімше жазамын, өз стилімді, өрнегімді табамын деген мақсат теріс емес, алайда мықты мектептің әсері, ықпалы – өнер жолындағы үлкен күш. Мына озық технологиялар мен информациялар заманында адасулардан және «шайтан арба» (велесипед) жасап әуре

болуден сақтайтын төле жол осы. Мықты мектептің қажеттігі әдебиет қана емес, өнер мен спортта да табысқа жетудің бірден бір құралы болып отырғаны құпия емес.

Замана талабына сай жаңа ізденістерге көз тігіп, шығармашылық істерінде осы қиын жолға шығып отырған қаламгерлер табыстарын шама жеткенше тексеріп, басты заңдылықтары туралы ойланып көру, пікір айту үлкен міндеттеріміздің бірі. Олардың шығармаларына айрықша қоғамдық ықылас қалыптастырған жаңа ізденістер мен табыстарға жігерлендіретін пәрменді күштің қандай екенін ажырата білуіміз қажет. Әсіресе әдебиеттану мен әдеби сын маңында жүргендердің сын, мақалаларында осы заңдылықтар ескеріле ме бұл да есте болғаны жөн.

Осы бағыттағы қаламгерлер шығармашылығын қолдайтын, қанаттандыратын стимул (ынталандыру) ретінде соңғы кездері үкімет тарапынан тағайындалып жатқан сан түрлі гранттар мен сыйлықтар, мүшәйралардың ролі зор болып табылады. Бұл қаламгерлерге рухани қанағатты, шығармашылық шабытты ғана емес, қолды байлайтын қаражаттық мұқтаждықты, біраз уақытқа болса да шешуге жәрдемдеседі. (5)

Осы ықылас жаңа бағыттағы ізденістердің көбеюіне, осының арқасында жаңа сипатты шығармалардың дүниеге келуіне жағдай жасайды деген ойдамыз.

Жаңа сипатты шығарманың әлдеқалай өзінен өзі дүниеге келмейтіні түсінікті. Көп ізденістер мен талантты қаламгерлердің маңдай тері, ұйқысыз түндері мен мазасыз күндерінің жемісі бұл. Әрі оны өзге ел, болмаса ұлт өкілдері жазып бермейтіні де түсінікті. Тіпті, жазғанның өзінде де күндердің күнінде ол өзгенің қазынасы болып табылады. Оған жұбанудың да, алданудың да қажеті жоқ. Ендеше, жаңалыққа көз тігіп, жаңа танымды дүниелерді, шығармаларды жасап жатқан қаламгерлер ізденістеріне қолдан келгенше жағдай жасау қажет. Олар сол ізденістерін тынбай, тынымсыз жалғастыра берсе, осының өзі оларды бейнелеудің жаңа белестеріне алып шығары анық. Бұл - біз үшін ең маңызды белестің өзі. Осы ізденістер негізінде жазылған туындыны жаңа көркемдік мақсаттағы шығармалардың басы деп атауға әбден болады. Бұл өнердегі кезекті толқының басы. Жаңа таным мен тәсілге сүйенген, соның негізінде жазылған шығарма тыныш жатқан әдебиет әлемінде толқын туғызады. Толқыннан толқын туады деген осы.

Жаңа шығарманың тілін, стилін, құрылымын, мазмұнын қайталауға қымсынбайтындар аз емес. Алдынлағы үлгі неғұрлым ірі болған сайын, озға ел, ұлт мәдениеті мен әдебиетіндегі құбылыстармен теңескен сайын оған еліктеушілер де аз болмайды... Тіпті осы толқынның ішінде де өзіндік ой, таныммен байқала бастайтын талантты қаламгерлер болады. Осы бағыттағы шығармашылық топтардың ізденістерін де талдап тексеру өздік жұмыстар үшін аса маңызды шарт. Көркемдік ізденістерді тез қанаттануға жағдай жасайтын және көрші елдер мен озық әдебиеттерде өтіп жатқан үдерістерді туған әдебиет мысалдарымен түсінуге жағдай жасайды. Әрине, әдебиет пен өнердің түптеп келгенде таланттарға тірелетіні түсінікті, алайда талант қашан туады деп аспанға қарап жататын заман да өтті...

Қаламгерлердің нарыққа сүйенген заман талаптарын да ескергені де жөн. Өйткені өтпейтін кітап пен оқырманды тартпайтын, көркемдігі әлсіз шығарма жазудың күні келмесе кеткен.

Қазақ жазушыларының кейбірінде, мені түсінетін оқушы жоқ (туған жоқ) деген бір қызық пікір бар. Бұл тым ұшқары пікір Қазіргі заман мүлде басқа. Жастардың дүниетанымы, талап тілегі жоғары. Олардың көбі әлемдегі озық қазыналарды еркін аралай алады. Сондықтан мен заманымнан оздым, оқушым туған жоқ, – деген сөздер қуыс кеуденің құр жаңырығы тәрізді әсер қалдырады.

Алда тұрған міндеттің бірі, бірі емес-ау ірісі де – қаламгердің дүниетанымдық, интеллект бағытында оқушысының артында қалып қоймауы. Ең қауіпті нәрсе осы. Білімсіз адамның білімдіні оқытпақ болуы бүгінгі таңда мүмкін емес нәрсе.

Осындай ізденістерге жол ашатын, себеп болатын істердің бірі студенттердің өздік жұмыстарында әдеби сын назарынан тыс қалып келе жатқан қаламгерлердің, әсіресе әдеби орталықтардан алыстау тұратын жазушылардың шығармашылығы мен талантты туынды-

ларын талдау. Олардың шығармаларында бүршік жарып бой көтере бастаған жаңа таным бейнелерінің өрнектерін көрсету.

Ұсыныс ретінде төмендегі жайларды айтамыз. Біріншіден, өздік жұмыстарға көп зерттелген, жазылған қаламгерлердің шығармаларын ұсына бергенше, көпшілік назарынан қалыс қалған талантты жастардың туындыларын жоспарлаған жөн. Екіншіден, ізденістері айқын байқалатын қаламгерлер туындыларын бөлек модульдерге топтастырса дұрыс болар еді.

#### Әдебиеттер:

1. Бөкеев О. Өз отынды өшірме. Роман. – Алматы, 1981.
2. Айтматов Ч. О космоформуле карающей памяти. // Шаханов М. Космоформула карающей памяти. – Алматы, 2001. – С.7.
3. Серікқалев З. Алғы сөз // Амантай Д. Гүлдер мен кітаптар. – Алматы, 2003. – 3-4 бб.
4. Серікқалиев З. Сын кітабы. – Алматы, 303 б.
5. Оразалин Н. Әдебиеттің иесі – халық, киесі – елдің рухы... // Әдебиет мәңгілік қозғалыста. – Алматы, 2009. – 624-628 бб.

\* \* \*

Материалы о неизвестных миру страницах творчества писателей, не выявленных их вкладе в литературу, могут быть использованы в самостоятельной работе студентов, в исследованиях по истории литературы. Оказывать им помощь в определении направления исследований – прямой долг ученых, членов университетских кафедр. Свои положительные результаты даст участие в самостоятельной работе студентов, их глубокий анализ, выявление лучших работ и поощрение их творчества.

\* \* \*

The materials about the unknown information on the creative activity of writers, their undiscovered contribution to literature may be used in the students' self-study work, in the research on the history of literature. The main responsibility of scientists, teaching staff of university departments is to render them the assistance in defining the directions of their studies. The participation of students in their independent work, their in-deep analysis, revealing the best papers and the encouragement of their creative activity will contribute to achieving positive results.